

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасында**

**Григорий Александрович Марченкомен**

**эксклюзивті сұхбат**

2023 жылы Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 25 жыл толады.

Осы ширек ғасыр кезеңді қорытындылай келе, біз БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізін қалаушы, өзірлеуші тұлғалармен, сарапшилармен болған сұхбаттар топтамасын жариялауды бастаймыз. Олар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің іргетасын қалап, оны дамытуға белсене қатысты.

21.08.2023 ж. бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сәулетшілерінің бірі Григорий Александрович Марченкомен сұхбаттың бірінші бөлімін тыңдаңыздар.

БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына берген эксклюзивті сұхбатында Григорий Александрович сонау 1996-1997 жж., ортақ жүйенің банкротқа ұшырап, зейнетақыны төлеу бойынша кідірістердің алты айға дейін созылғанын, ал зейнетақы төлемі бойынша жалпы берешек шамамен \$0,5 млрд болған кезде зейнетақымен қамсыздандырудың жүйесін жаңа тәсілмен реформалаудың қажеттілігі туындағанын әңгімелеп кетеді. Бұл ұрпақтар ынтымақтастығы қағидатын әркімнің зейнет жасындағы материалдық қамтамасыз ету бағытындағы дербес жауапкершілігіне ауыстыруды көздеңген қадам болатын.

Реформаға дейін үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Көптеген елдердің зейнетақы жүйелерінің түрлі ұлгілері зерделенді. Нәтижесінде олардың оң тәжірибесі мемлекеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақыны, сондай-ақ, салымшылардың жеке міндепті және ерікті жарналары есебінен қалыптастасын жинақтаушы құрамдауышты қамтитын қазақстандық көп деңгейлі зейнетақы жүйесін қалыптастыру кезінде ескерілді.

**Григорий Александрович Марченконың толық сұхбатын төмендегі сілтеме бойынша көре аласыздар: <https://www.youtube.com/watch?v=GkSqV7xsX6w>**

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндепті зейнетақы жарналарын, міндепті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы толемдерін, зейнетақы жинақтары мен толемдерін жеке есепке алушы алынып жузеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-куйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).